

**2021 жылғы сатып алуды жүзеге асыру бойынша
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелері**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Операциялық қызмет департаменті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»
Қоғам Басқарма төрағасының 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 76-п бұйрығы.

Талданатын кезең: 2021 жылғы 1 қаңтардан 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Қоғамның қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Қоғамның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қоғамның сатып алуды жүзеге асыру бойынша қызметі 2021 жылы келесі нормативтік-құқықтық актілермен және ішкі нормативтік құжаттармен реттелді:

1) «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 31 қазандағы № 1201 бұйрығымен бекітілген Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) (01.01.2022 жылға дейін қолданыста болды)¹;

3) Қоғамда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) (Қоғам Басқармасының 2020 жылғы 29 сәуірдегі шешімімен бекітілген, № 13/20 хаттама) (04.05.2022 жылға дейін қолданыста болды)²;

4) Қоғам Басқармасының 2021 жылғы 15 шілдедегі шешімімен бекітілген Операциялық қызмет департаменті туралы ереже (№ 34/21 хаттама).

Қоғамның 2021 жылғы сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша:

¹ ҚР Қаржы министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы № 1166 бұйрығына сәйкес 01.01.2022 жылдан бастап құжаттың күші жойылды

² «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма отырысының 2022 жылғы 4 мамырдағы № 21/22 хаттамасына сәйкес құжаттың күші жойылды

1. Жұмыс тобы талданатын бизнес-процестер шеңберінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтаған жоқ. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік сектордың бірыңғай сатып алу операторының <https://mitwork.kz> веб-порталы арқылы жүргізілетінін назарға алған жөн;

2. Талданып отырған кезеңде өнім берушілер тарапынан Қоғамға сот іс-әрекеттері, сондай-ақ 2021 жылы сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу үшін негіз болған құқық қорғау органдарының қаулылары түскен жоқ, айыппұл санкциялары жоқ. Бұдан басқа, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметі тарапынан Қоғамға қатысты ескертулер түскен жоқ, Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызу желісі шеңберінде Қоғам жүзеге асыратын сатып алу рәсіміне байланысты фактілер бойынша өтініштер (шағымдар) тіркелмеген.

3. 2021-2022 жылдары Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру рәсімін реттейтін талаптар (Қағидалардың жаңа редакциясы 01.01.2022 жылдан бастап күшіне енді), сондай-ақ сатып алу рәсімін регламенттейтін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары қайта қаралды (Қоғам Басқармасының 2022 жылғы 4 мамырдағы шешіміне сәйкес жаңа редакциядағы нұсқаулық бекітілді (№ 21/22 хаттама)). Жоғарыда аталған өзгерістер шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігінде бақылау рәсімдері мен талаптар күшейтілді.